

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚР ОМА, 2285 қор, 1-тізімдеме, 118-іс.
2. ҚР ОМА, 2285 қор, 1-тізімдеме, 115-іс.
3. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. Алматы: «Қазақстан», 1994. – 192 б.
4. ҚР ОМА, 2285 қор, 1-тізімдеме, 195-іс. 2-парақ
5. Әбдіраман Ш. Дегдар. // Егемен Қазақстан. 2006. – 2 қараша. – 6 б.
6. «Памятные вехи моего пути в науку», «Өмір асулары», «Құспек-Кент төресі» Библиография. Ақжан Машановтың өзі және атасы туралы жазған мақалалары. ҚР ОМА, 2285 қор, 1-тізімдеме, 76-іс. 1968-1995 жж. Парақ саны – 81.

## XIX ғ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ДІНІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

*Мәшімбаева Г.С., аға оқытушы, т.ғ.к.  
Қазақстан инновациялық және  
телекоммуникациялық жүйелер университеті  
Орал қ., Қазақстан*

Бүгінде Қазақстан Республикасы көпұлтты мемлекет ретінде, әлемдік қауымдастық алдында, әрбір ұлттың рухани дамуын қамтамасыз етуді өз міндетіне алған және оны кезеңдермен іске асырған мемлекет ретіндегі қызметін орындауда. Ата заңымызбен бекітілген зайырлылық принциптерімен қатар, заң шеңберіндегі діни еркіндік те берілді. Әрбір конфессияның, оны ұстанушы ұлттың жүріп өткен тарихи жолы әртүрлі. Қолдау, қудалау мен қуғын-сүргінді басынан өткерген халықтар, дін қызметкерлері, діни ұйымдар тарихы, жүріп өткен жолы тарих ғылымы үшін аса маңызды.

Жергілікті ұлт өкілдері қазақтар мен кенес заманында келген жекелеген ұлттардың діни саналатын ислам дінінің өлкеде таралуы, отандық тарих ғылымы үшін аса өзекті тақырыптардың бірі. Сол себепті, ұсынылып отырған мақалада мұсылмандық белең алған XIX ғ. алғашқы ширегінен басталатын қазақ даласындағы ислам дінінің таралуы зерделенеді.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстандағы Ресей билігінің бекімеген кезеңі. Қазақстанның батыс, солтүстік бөліктеріне әскери желілер тұрғызып, бақылауға ала бастаған кезең.

Дегенмен, XVIII ғ. бастап Қазақстанның Ресей ықпалына өтуі өлкеде айтарлықтай өзгерістер әкелді. Ресей билігінің жарлықтары бірі күшпен енгізілсе, келесі іс-шаралары алдын-ала жоспарланып кезеңдермен жүзеге аса бастады. Қазақ даласының рухани өмірін өз ықпалында ұстауға тырысқан патша әкімшілігі діни білім беретін мектептерге ден қойды. Алғашқыда жүргізілген христиандандыру саясаты билік күткен нәтиже бермеді. Дін, діни білім, оны енгізу алдыңғы қатарлы мәселелердің біріне айналды.

XVIII ғ. Қазақстандағы діни ахуал жайлы патша әкімшілігінде қате пікір қалыптасты. Тарихшы ғалым Т.И. Сұлтанов бұл жайлы «В России сложился ошибочный взгляд, что все население бывшего Джучиева Улуса правоверные магометане и ислам – единственный источник их мировоззрения, государственного строя и общественного быта» [1, 270 б.] деген болатын. Кіші жүздің ханы Әбілқайырға жіберілген А.И. Тевкелевке, ант қабылдау рәсімінде құранды пайдалануға нұсқау берілді. Хан және онымен бірге ант қабылдайтындар құранды ұстап тұрып ант беруі тиіс болды. Дегенмен, мұсылман орындауы тиіс бес парыз, діннің басқа да әдет-ғұрыптарын т.б. қазақтар ұстанбады. Бірақ, деректерде 1748 жылы қайтыс болған Әбілқайыр ханның мұсылман діни ғұрыптарымен жерленгені айтылды.

Тарихшы Т.И. Сұлтановтың пікірінше исламның қазақ даласында «жеңіске жетуі» қазақтар ресейлік проекторатты қабылдағаннан кейін, христиан дінін насихаттау нәтижесінде жүзеге асты [1, 271 б.]. Орыс үкіметінің исламға деген көзқарасы әртүрлі

тарихи кезеңдерде әрқилы болды. Азия құрлығындағы жаңа жерлерді жаулап алу барысында Ресей үкіметі исламды жақтамады. Бірақ өзінің азиялық мұсылмандардың діни ар-ожданына тікелей зорлық та жасамады және христиан дінін қабылдауға мәжбүрлемеді. Бірақ, кейінірек исламды қудалау басталды. Әсіресе, XIX ғ. қарай арнайы жарлықтар қабылдап, мұсылмандар арасында христиан дінін тарату, шоқыну рәсімінен өткендерді салықтан босату, сенат жарлығымен Еділ мен Кама бассейніндегі мешіттерді жою туралы бұйрықтар берілді.

Бірақ діни қудалау жергілікті мұсылмандардың наразылықтарын тудырғанды. Қазақтар арасында христиан дінін күштеп енгізу, насихаттау да нәтиже бермегендіктен, XIX ғ. шекарасында исламға деген көзқарас өзгерді. Өз ықпалын сақтаудың, саясатын жүргізудің бір құралы ретінде, Ресей үкіметі исламның таралуына және оның азиялық иеліктердегі ұстанымын нығайтуға саналы түрде ықпал ете бастады. Арнайы жарлықпен мешіттер салу, атап айтқанда, Орынбордан алыс емес жерде орналасқан Сейіт посады Уфа губерниясындағы Стерлибашта қазақ даласымен шекарадағы мұсылман ғылымының жаңа орталығына айналған керемет мешіт құрылысына рұқсат етілді [1, 272 б.]. Осы аймақтан патшалық Ресей қазақ даласына исламды насихаттады. Патша әкімшілігінің қолдауымен мұсылман дінін уағыздау, діни мектептерді ұйымдастыру, балаларды оқыту үшін молдалар жібере бастады. XVIII ғ. 80-ші жылдары қазақ даласында белгілі қожа Әбу-л-Джалилдің ресми түрде әрекет еткендігі исламның ресми деңгейдегі жетістіктерін куәландырады. Ол «пір» (діни тәлімгер) атағына ие болып, діндарлардың көсеміне айналды. Осы кезеңнен бастап, мұсылман мәдениеті мен ислам Қазақстанда тек оңтүстік арқылы ғана емес, солтүстіктен де тарала бастады.

Патша әкімшілігі ендігі жерде, мұсылман дінінің ықпалын күшейтуді көздеген шаралар жүргізді. Татар, башқұрт молдаларды қазақтарға діни білімді таратушы ретінде жіберді. Ал кейінірек қазақтар арасынан да әкімшілікке адал қызмет ететін молдаларды дайындауды қолға алды. Діннің ықпалын күшейту мақсатында 1788 жылы Орынбор мұсылман діни мекемесі құрылды. Осы шаралар арқылы, патшалық Ресейдің көп бөлігінде мұсылман дінбасыларын тағайындау тәртібі шариғат, жергілікті әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді ескеретін зайырлы заңнама негізінде жүзеге асыра бастады.

Ендігі жерде сайланған дінбасылар өздерінің теологиялық дайындығы мен билік алдындағы саяси сенімділігін дәлелдеу үшін аса күрделі тексеруден өтіп, мемлекеттік билік органдары тарапынан бекітілуі тиіс еді. Тексерістен өткен молда, ахун т.б. арнайы анықтамалық құжатқа ие болып, қызметін бастауға мүмкіндік алды. Бұл шаралардың дені патша әкімшілігінің ықпалы жоғары болған шекаралық аймақтарда жүзеге асты. Ал, ішкері аудандарда орналасқан қазақтар арасында діннің ықпалы төмен болды.

XVIII ғ. соңы мен XIX ғасырдың басындағы өлкедегі діни ахуал мұсылмандық жайлы деректер саяхатшылар мен әртүрлі мақсатта қазақ даласына келген зерттеушілер, қызметтегі офицерлер еңбектерінде, естеліктерінде айтылды. Неміс ғалымы, этнограф И. Георги мұсылман дінінің кең тарала бастағанын жазады. Оның пікірінше түркістандық діндарлардың ықпалымен қазақтар шаманизмнен бас тарта бастады. XVIII ғасырдың ортасындағы қазақтар арасындағы діни ахуал жайлы «... Веру свою они почитают; но как у них нет школ, да при том и целые улусы не имеют мулл, то они не только превеликие невежды, но и крайне суеверны» [2, 245 б.] дейді. Сонымен бірге, И. Георги деректері бойынша, қазақ даласында жүрген молдалар патша әкімшілігі тарапынан жіберілген татарлар. Молдалар діни қызметпен қатар, хатшы, ауқатты қазақтардың кеңесшісі жұмыстарын да атқарды.

Сонау, XVIII ғ. ортасында қазақ өлкесінде болған П.С. Паллас «... Они в своем законе тверды, но при том весьма темное имеют понятия потому, что у них очень мало магометанских духовных» [2, 246 б.] дей келіп, сол уақытта ханмен бірге ахундардың бірге көшіп жүргендігін атап өтеді. Хандардың мұсылман заңына сәйкес «харам» болып табылатын асты жемейтіндігін, дала жануарларынан киік, дала аттары мен бұғы тұтынатынын айтады.

Саяхатшы И.П. Фальктің де қазақтар арасындағы мұсылман діні жайлы деректері маңызды. Қазақтардың дінге аса ниетті еместігін атап өткен ол: «Ни мечетей, ни школ у них нет совсем и мало служителей культа, мулл» деген [2, 246 б.]. Қазақтардың жазу-сызу білмейтіндігін атап өтіп, молдалардың да дін жайлы хабарларына күмәнмен қарайды. Қазақтардың діндарлығы тек сүндетке отырғызумен шектелетіндігін атап өтіп, сүндетке отырғызатын арнайы молдалардың бар екендігін, олардың қазақ ауылдарын арнайы аралайтынын және олардың материалдық жағдайының өте жақсы екендігін жазады. Қазақтар арасында өз тілінде жаза алатын адамдардың аз екендігін И. Георги де атап өткен.

И.П. Фальк экспедициясының құрамында болған Х. Барданес қазақтар арасындағы мұсылман діні жайында, қазақтардың араб қарпін қолданатындығы жайлы жаза келіп «... но грамоту у них знающих очень мало, так что во всем моем путешествии ни одного киргизца не случилось мне видеть» дейді [3, 179 б.].

XIX ғасырдың басында патша билігінің тарапынан бақылауға алынған аймақтарда діни білім беру, мұсылмандарды тағайындауда әкімшіліктің белсенді әрекет ете бастағандығын көруге болады [4]. А.К. Алитурлиевтің мәліметінше, 1811 жылы Бөкей сұлтан сыртқы істер министрі граф Н.П. Румянцевті Ішкі Ордадағы татар молдалары Мүрсәлім Мұрзаев, Әбдіреш Күтүшев пен Айсу Мухамедрахимовты тіркеуді өтінген. Шерғазы хан айырбас саудасы дамыған кезеңде Орал сырты желісіндегі мешіттегі қызметі үшін Орынбор әкімшілігінен Абдулсатар Сүлейменовты күміс медальмен марапаттауды сұрайды [4, 66 б.].

Дін қызметкерлері болып табылатын молдалардың патша әкімшілігі өкілдері арасында қатынас қызметін атқарған мысалдар да кездеседі. XIX ғасырдың басында қазақ даласына Орта Азиялық елдермен қарым-қатынасты нығайту мақсатында келген Я.П. Гавердовский, ұзақ уақыт Бекчуриннен хабар ала алмағаннан кейін, екі молданы жұмсағандығын жазады [5, 19 б.]. Молдалар қазақ даласына еркін кіре алғандықтан, түрле деңгейдегі тапсырмаларды орындауға жұмсалды.

Я.П. Гавердовский қазақтардың әсіре діншіл еместігін, мұсылман дінінің ғұрыптарының жерлеу рәсімдерінде қолданылатынын жазады. Кейде, діни ғұрыптардан жергілікті халықтың талап-тілектерінің жоғары тұратындығын атап өтті. Сауаттылық мәселесінде, Ресей әкімшілігінің орыс тілінде оқытататын мектептері жайлы «Ни один киргизец не умеет читать, ни же писать, напрасно заводимы были на границе российской для них школы» [5, 40 б.] дей келіп, қазақтардың еркін екендігін, кейде мұсылман дінінің де негізгі шарттарының орындалмайтындығын жазды.

Сонымен, XIX ғғ. қазақ даласындағы ресейлік протекторат күшейе бастаған тұста, дінге қатысты бірнеше мәселелер айқын көрінді.

Біріншіден, Ресейдің отарлау саясаты әскери бекіністер салу, жерге қатысты бұйрықтар қабылдаумен шектелген жоқ. Рухани, яғни діни отарлауды да назардан тыс қалдырмады. Алғашқыда, Еуропа елдерінің басқа континенттерді отарлаудағы шараларын қайталап, христиан дінін күштеп енгізе бастады. Дегенмен патша әкімшілігі күткен іс-шара нәтиже бермеді. Жергілікті қазақтардың өзге дінді қабылдаудан бас тартуы немесе немқұрайлылығы, соңында халық наразылығына ұласуы, патша әкімшілігінің бұл қадамды тоқтатуына әкелді.

Екіншіден, өлкені отарлаудағы негізгі құрал ретінде христиан дінін пайдалану шарасы жүзеге аспаған соң, қазақтарға жақын ислам дінін қолдана бастады. Ресейлік башқұрттар мен татарлардың ислам дінін ұстануы, географиялық қазақтармен шекаралас орналасуы, түбі бір тілде сөйлеуі, аталған ұлт өкілдері арасынан молда, ишан, ахун т.б. тағайындауға әкелді. Патша әкімшілігі қазақ даласында ертеден келе жатқан ислам дінін қолдануға көшті.

Үшіншіден, қарастырған кезеңде, патшалық Ресей жүргізген белсенді іс-шараларға қарамастан қазақтар арасындағы мұсылман дінінің кең таралмағаны деректер арқылы

дәлелденді. Қазақтардың мұсылман дінін белгілі ғұрыптарға ғана қатысты (адам жерлеу, сүндеттеу т.б.) қолданды.

Төртіншіден, патша әкімшілігі мұсылман дінін таратуда қазақтармен шекаралас башқұрт, татарлардан шыққан молдалардың көмегіне жүгінді. Молдалар өзінің негізгі діни қызметінен басқа да жұмыстарға тартылды. Осы шаралар арқылы, әлі де болса, Ресей билігін мойындамаған Орта Азия хандықтарының ықпалынан шығаруды көздеді. Ресейлік білім беру жүйесіне енгізуді ойластырған билік, діни білім беруді жүзеге асыру шараларын қолға алды.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Султанов Т.И. Религия в истории и культуре Центральной Азии / История Казахстана и Центральной Азии. под. ред. Абусейтова М.Х. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С. 264-275.

2. Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Под. ред. проф. Асфендиярова С.Д. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 383 с.

3. Барданес Х. Киргизская, или казацкая хорография / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Том IV. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – С. 93-194.

4. Алитурлиева А.К. Деятельность указных мулл в казахской степи (II половина XVIII – I половина XIX вв.) // Вестник КазНУ. Серия историческая. №1(40). 2006. – С. 66-68.

5. Журнал, веденный Свиты его императорского величества поручиком Гавердовским и колоновожатыми Ивановым и Богдановичем во время следования их по высочайшему повелению через Бухарию, с различными наблюдениями, с описанием всех случившихся происшествий, равно как и о возвращении в Россию в 1803 году, с кратким уведомлением об отправлении посольства в азиатские владения / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Том V. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – С. 17-155.

### **НАЦИОНАЛЬНЫЙ ВОПРОС В МАРКСИСТСКО-ЛЕНИНСКОЙ ПАРАДИГМЕ**

*Байгожина Г.М.*

*Магистр, старший преподаватель*

*Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова*

*Караганда, Казахстан*

Казахстан традиционно отличался полиэтничной структурой населения. Высокие темпы внешней миграции в Казахстане в наши дни обуславливают неизбежное изменение этносоциальной картины страны, что зачастую приводит к усилению межэтнической конкуренции, трениям и конфликтам. Учитывая, что этнический фактор в перспективе будет по-прежнему играть важную роль в социально-политических процессах на постсоветском пространстве, необходимость выработки эффективных механизмов межэтнической интеграции приобретает особую актуальность и должна отвечать стратегической задаче современного полиэтничного государства.

Наиболее актуальным представляется изучение процесса возникновения и формирования советской национальной политики в 1920-1930-е годы, основанной на марксистско-ленинской парадигме, поскольку практика последующего решения национального вопроса в СССР опиралась именно на сложившиеся в этот исторический период идейно-теоретические установки и образцы их практической реализации. Данный период характеризуется, с одной стороны, реализацией права наций на самоопределение, национально-государственным размежеванием и привлечением национальных кадров к административной и пропагандистской работе, с другой – поиском оптимальных механизмов интеграции народов, населявших национальные советские республики и области в составе СССР, включая такие практики, как агитационная пропаганда